

## **Қорғау, өтем немесе демпингке қарсы шараларды енгізу алдындағы анықтауды жүргізу ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 қыркүйектегі N 1374 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 633 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 633 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" 1998 жылғы 28 желтоқсандағы, "Демпингке қарсы шаралар туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі және "Субсидиялар және өтем шаралары туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңдарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қорғау, өтем немесе демпингке қарсы шараларды енгізу алдындағы анықтауды жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және ресми жариялауға жатады.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2000 жылғы 9 қыркүйектегі

N 1374 қаулысымен

бекітілген

## **Қорғау, өтем немесе демпингке қарсы шараларды енгізу алдындағы анықтауды жүргізу ережесі 1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының "Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы", "Субсидиялар және өтем шаралары туралы" және "Демпингке қарсы шаралар туралы" Заңдарына сәйкес әзірленген осы Ереже қорғау, өтем және демпингке қарсы шараларды енгізу жөніндегі анықтауды жүргізу тәртібін (бұдан әрі - анықтау), анықтау жүргізу кезінде отандық тауар өндірушілердің мүдделерін қорғау және көмек көрсету мақсатында Мемлекеттік органдардың және мүдделі тұлғалардың өзара қатынастарын, құқықтарын және міндеттерін айқындайды.

2. Ережеде жоғарыда көрсетілген заңдарда көзделген негізгі ұғымдар п а й д а л а н ы л а д ы .

## 1-бөлім. Қорғау шаралары

### 1-тарау. Өтінішті қарауға қабылдау

3. Қорғау шараларын енгізу алдындағы анықтау:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасына сәйкес;
- 2) отандық өндірушілер немесе өндірушілер бірлестіктерінің қорғау шараларын қолдану туралы берген өтініші негізінде жүргізіледі.

4. Отандық өндірушілердің өтініші бойынша қорғау шараларын енгізу жөніндегі анықтау рәсімін бастау үшін осы өтініш бойынша жазбаша нысанда өз пікірін білдірген отандық өндірушілердің үлесіне Қазақстан Республикасындағы ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарлар өндірісінің жалпы көлемінің елу пайыздан артық келуін уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) белгілеуі міндетті шарт болып табылады. Сонымен бірге, осы өтінішті қолдаған отандық өндірушілердің өндірген тауарларының үлесі барлық ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарлар көлемінің жиырма бес пайызынан артық болуы керек.

5. Анықтау жүргізу туралы өтініш жазбаша нысанда беріледі. Өтініш 1-қосымшада белгіленген нысанда беріледі.

6. Өтінішті қарауды қабылдау күні өтініштің Комитетте тіркелген күні болып саналады. Өтінішке 2-қосымшаға сәйкес құжаттар қоса беріледі.

7. Өтініш берілгеннен кейін Комитет өтініш қабылданғаннан кейінгі қырық бес күнтізбелік күнде 1-қосымшаға сәйкес өтінішке қоса берілген құжаттардың бар-жоғы мен шынайылығын қарайды және анықтауды жүргізу не жүргізуден бас тартудың орындылығы туралы қорытынды дайындайды.

8. Қорғау шараларын енгізу алдындағы анықтау жүргізу туралы өтініштегі мәліметтер жеткіліксіз болған жағдайда, Комитет өтінішті алған күннен бастап он күн мерзімде өтініш берушіге бұл туралы хабарлап, оларды өзгертуге немесе өз өтінішін толықтыруға оған мүмкіндік беруі тиіс.

9. Өтініш иесінен бұрын берілген өтінішті толықтырған немесе өзгерткен мәлімет жіберілсе, онда өтінішті қарауға қабылдау күні өтінішке енгізілген толықтырулар немесе өзгерістер Комитетте тіркелген күн болып саналады.

10. Өтініш иесі анықтау рәсімі басталғанға дейін өтінішті қайтарып алуына болады. Мұндай жағдайда өтініш берілмеген болып саналады.

11. Өтініш иесі өтініште көрсетілген мәліметтердің шынайылығына жауап б е р е д і .

12. Комитет анықтауды жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдаған күннен бастап он күн мерзімде анықтауды жүргізуден бас тарту себептері мен негіздерін көрсетіп, бұл туралы өтініш иесіне хабарлауы тиіс.

### 1 3 . М ы н а л а р :

- 1) ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарлардағы отандық өндірушілерге елеулі зиян келтіргенінің немесе оның қаупінің дәлелі жеткіліксіз болса;
- 2) Ереженің 4-тармағы орындалмаса, анықтауды жүргізуден бас тартуға негіз болады.

2-тарау. Анықтау рәсімі. Комитет пен мүдделі тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

14. Анықтауды жүргізуді бастау туралы шешім қабылданған уақыттан бастап Комитет отыз күнтізбелік күн ішінде жүргізілетін анықтау туралы мүдделі тұлғаларға х а б а р д а р е т е д і .

15. Хабарламада мынадай ақпарат:

1) тауар экспорттаушы мемлекеттің (мемлекеттер) атауы және анықтау объектісі болып отырған тауарлардың атауы;

2) анықтау басталатын күн;

3) анықтау негізі;

4) өтініштің заңдылығын растайтын фактілердің қысқаша жазылуы;

5) мүдделі тұлғалардың өз материалдарын жіберетін мекен-жайы;

6) мүдделі тұлғалардың өз материалдарын әкелетін мерзімі қамтылады.

16. Қорғау шараларын қолдану туралы өтінішті қолдаған бір қазақстандық өндірушінің үлесі ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарлардағы қазақстандық өндірістің отыз бес пайызынан асып түссе немесе егер анықтаудың объектісі болып отырған тауар импортының жалпы көлемі Қазақстан Республикасындағы ішкі рынокта ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарды сатудың жалпы көлемінің жиырма бес пайызынан кем түссе, Қазақстан Республикасындағы ішкі рынок бәсекесінде көрсетілген шаралардың салдары туралы антимонополиялық саясат саласындағы атқарушы өкімет органының қорытындысы болуы қажет.

17. Анықтау тоғыз ай ішінде аяқталады.

18. Мүдделі тұлғалар хабарламаны алған сәттен бастап жазбаша түрде мемлекеттік немесе келісім бойынша басқа да тілде жауап береді.

19. Анықтау жүргізу барысында Комитет мүдделі тұлғалардан қосымша ақпарат сұратуға құқылы. Сұрату салынған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде ақпараттың алынған көзі көрсетіле отырып, жауап берілуі тиіс.

20. Мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар Комитеттің сұрау салуы бойынша анықтау жүргізуге көмектеседі және қайтарымдық негізде тауарлардың үлгілері мен қажетті ақпаратты, соның ішінде құпия ақпаратты береді.

21. Комитетке берілген құпия ақпарат мүдделі тұлғалардың жазбаша түрдегі келісімінсіз жария етілмейді.

22. Мүдделі тұлғалар құпия ақпаратқа жазбаша түсіндірме береді.

23. Түсіндірме ақпараттың мәнін түсіндіретіндей жеткілікті тәптіштелуі тиіс. Ерекше жағдайларда құпия емес ақпаратты беру мүмкін еместігі жөнінде себептері көрсетілуі тиіс.

24. Әрбір мүдделі тұлға Комитет белгілеген мерзім ішінде ақпарат жіберу кезінде қажетті деп санаған басқа да кез келген дәлелдемелерді беруге құқылы.

25. Комитет анықтаудың басталуы туралы шешім қабылдағаннан кейін ықтимал қорғау шараларын қолдану мақсатында анықтауды бастау ниеті туралы тиісті шет мемлекетті (шет мемлекеттер одағын) хабардар етеді.

26. Анықтау мәніндегі алынатын ақпарат жазбаша нысанда қабылданады.

27. Егер, анықтау барысында қорғау шараларын қолданудың кешіктірілуі отандық өндірушілерге елеулі нұқсан келтірсе немесе келтіретін болса және оның салдарын жою қиынға түскен жағдайда Комитет Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген импорттық тауар көлемінің өсуі мен отандық өндірушілерге тигізетін елеулі нұқсан немесе оның қаупі арасындағы анық себеп-салдарын алдын ала анықтау негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне белгіленген тәртіппен түпкілікті қорытынды алу мақсатында сонымен бір мезгілде анықтау жүргізу шартымен уақытша қорғау бажын енгізу туралы ұ с ы н ы с ж а с а й д ы .

28. Мүдделі тұлғалар істің материалдарымен және басқа тараптың дәлелдемелерімен танысу мақсатында тыңдаулар өткізу туралы өтініш жасауға қ ұ қ ы л ы .

29. Мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтау кезеңінде Комитеттің қабылдаған шешімдері мен әрекеттеріне шағымдануға құқылы.

### 3-тарау. Қорытынды ережелер

30. Қорғау шараларын енгізу, қайта қарау және күшін жою Комитеттің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы арқылы жүзеге а с ы р ы л а д ы .

31. Анықтау нәтижелері бойынша Комитет Үкіметке тиісті қорытынды береді.

32. Комитет қорытындысында міндетті түрде мынадай ақпарат:

1) анықтау объектісі болып табылған, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының тоғыз саннан тұратын коды көрсетілген тауардың сипаттамасы;

2) Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылған тауар импорты ө с у і н і ң дә л е л д е р і ;

3) отандық өндірушілерге елеулі нұқсан келтірілуі немесе келтіру қаупінің б о л у ы н ы ң дә л е л д е р і ;

4) отандық өндірушілерге елеулі нұқсан келтіру немесе келтіру қаупінің болуы мен Қазақстан Республикасының аумағында тауар импортының өсуі арасындағы себеп-салдар байланысының дәлелдері;

5) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау жөніндегі шаралардың сипаттамасы: импорт квотасын немесе қорғау бажын енгізу арқылы іске асырылатын қорғау шаралары, соның ішінде уақытша қорғау бажы;

6) ұсынылған шараларды енгізудің болжалды күні мен қолданылу мерзімі, сондай-ақ шаралардың қолданылу кезеңінде отандық өндірушіні шетелдік бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуге бейімдеу жөніндегі отандық өндіруші атынан өтініш иесі әзірлеген іс-шаралар жоспары немесе анықтау жүргізу барысында оларды енгізу жергілікті мүдделі тұлғалар, Қазақстан Республикасының экономикасына тұтас немесе анықтау объектісі болып табылатын тауар тұтынушыларының едәуір бөлігінің мүдделеріне қолайсыз тисе, не мемлекеттік маңызы бар өзге де елеулі себептер бойынша жөнсіз болса, шараларды қолданбау туралы ұсыныс болуы тиіс.

33. Егер қорғау шараларының қолданылу мерзімі үш жылдан асқан жағдайда Комитет осы шара енгізілгеннен кейінгі бір жарым жылдан кешіктірмей белгіленген тәртіппен қайта анықтау жүргізуі тиіс, соның нәтижесінде қорғау шаралары жойылуы, өзгертілуі немесе ұзартылуы мүмкін.

34. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорғау бажының қолданылу мерзімін ұзарту туралы шешім қабылдауына Комитеттің қорытынды нысанында дайындаған ұсынысы негіз болып табылады.

## 2-бөлім. Демпингке қарсы шаралар

### 1-тарау. Өтінішті карауға қабылдау

35. Демпингке қарсы шара енгізу алдындағы анықтау:

1) отандық өндірушінің немесе отандық өндірушілер бірлестігі берген демпингке қарсы шараларды қолдану туралы өтініші негізінде;

2) демпингтік тауарды беру арқылы демпинг пен материалдық нұқсан немесе оның қаупі бар екендігі туралы мәлімет болған жағдайда Комитет бастамасымен жүргізіледі.

36. Осы өтініш бойынша жазбаша нысанда өз пікірін білдірген отандық өндірушілердің үлесіне Қазақстан Республикасындағы ұқсас тауарлар өндірісінің жалпы көлемінің елу пайызынан артық келуін Комитеттің айқындауы отандық өндірушілердің өтініші бойынша демпингке қарсы анықтау рәсімін бастаудың міндетті шарты болып табылады. Соның ішінде, осы өтінішті қолдаған өндірушілердің өндірген тауарларының үлесі қазақстандық өндірушілердің өндірген барлық ұқсас тауарлар көлемінің жиырма бес пайызынан астам болуы.

37. Анықтау жүргізу туралы өтініш жазбаша нысанда беріледі. Өтініш 3-қосымшада белгіленген нысан бойынша беріледі.

38. Комитет өтініште көрсетілген мәліметтерді жеткілікті деп санаған жазбаша нысандағы өтініш қабылданғаны туралы өтініш иесіне хабарланған кезде өтініш қабылданған болып саналады. Өтінішке Ереженің 4-қосымшасына сәйкес құжаттар қоса беріледі.

39. Егер, демпингке қарсы шараларды енгізу алдындағы анықтау жүргізу туралы өтініштегі мәліметтер жеткіліксіз болған жағдайда, Комитет өтінішті алған күннен бастап он күн мерзімде бұл туралы өтініш иесіне хабарлайды және өз өтінішін толықтыруына немесе өзгертуіне мүмкіндік беруі тиіс.

40. Өтініш иесі бұрын берілген өтінішті толықтырған немесе өзгерткен мәлімет жіберсе, өтінішке енгізілген толықтырулар немесе өзгертулер қарауға қабылдау күні Комитетте тіркелген күн болып саналады.

41. Өтініш иесі анықтау рәсімі басталғанға дейін өтінішті қайтарып алуына болады. Мұндай жағдайда өтініш берілмеген болып саналады.

42. Анықтау барысында өтінішті қайтарып алса, Комитет өз бастамасымен анықтауды жалғастыруына немесе шара қолданбай, тоқтатуына болады.

43. Өтініш берілгеннен кейін Комитет өтініш қабылданғаннан кейінгі отыз күн ішінде 4-қосымшаға сәйкес 36-тармақты орындауда, өтінішпен қоса берілген құжаттардың шынайылығы мен бар-жоғын қарайды, сондай-ақ демпингтік айырманы және демпингтік тауардың берілу көлемі мен олардан келтірілген материалдық нұқсанды айқындайды.

44. Комитет анықтауды жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап он күн мерзімде анықтауды жүргізуден бас тарту себептері мен

негіздерін көрсетіп, бұл туралы өтініш иесіне хабарлауы тиіс.

45. Анықтауды жүргізуден бас тартудың негіздері:

1) демпингтік айырма экспорттық бағаның бес пайызынан кем құраса;

2) демпингтік тауарларды беру көлемі және олар келтірген материалдық нұқсан болмашы болса, яғни оған қатысты өтініш беріліп отырған елден тауарлардың берілімі Қазақстандағы барлық ұқсас тауарлар берілімінің үш пайызынан кем құраса, бұл жағдайдан басқа, өтініш беріліп отырған, бірнеше елдің жиынтық беріліміне Қазақстандағы ұқсас тауарлар берілімінің жеті п а й ы з ы н а н а с т а м ы к е л с е ;

3) 36-тармақтың орындалмауы.

2-тарау. Анықтау рәсімі. Комитет пен мүдделі тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

46. Анықтауды жүргізудің басталуы туралы шешім қабылданған сәттен бастап Комитет алдағы анықтау туралы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен анықталған ресми басылымдарда хабарлама жариялайды және мүдделі тұлғаларға хабарлама жібереді.

47. Хабарламада мынадай мәліметтер болады:

1) анықтау жүргізетін орган ретінде Комитеттің атауы;

2) демпингке қарсы анықтау нысанасы болатын тауардың атауы, берілуі және экспортқа шығарушы елдің немесе елдердің атауы;

3) анықтау басталатын күн;

4) анықтауды бастаудың негізі;

5) өтініштің заңдылығын растайтын фактілердің қысқаша баяндалуы;

6) іспен танысу, өз пікірін білдіру "және мүдделі тұлғалармен кездесулер өткізуге мүмкіндік алу үшін мүдделі тұлғалар өз өтініштерін оның шегінде Комитетке беруі тиіс мерзімдер;

48. Мүдделі тұлғалар хабарланған сәттен бастап жазбаша түрде мемлекеттік немесе келісім бойынша басқа да тілде жауап береді.



49. Анықтау басталғаннан кейін Комитет мүдделі тұлғаларға сұрау салу ж і б е р е д і .

50. Сұрау салуға жауап сұрау салу алынған күннен бастап бір ай ішінде ж і б е р і л е д і .

51. Сұрау салу пошта арқылы жіберілгеннен кейінгі жеті күн немесе мүдделі тұлғаның өкіліне берілгеннен кейін алынды деп саналады.  
Комитет бұл мерзімді бір айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.

52. Демпингке қарсы анықтау жүргізу кезінде Комитет мүдделі тұлғалардан жауабы жіберілетін мерзімі белгіленген қосымша ақпарат сұратуға құқылы.

53. Мүдделі тұлғалар қажетті деп есептейтін басқа да кез-келген ақпаратты жазбаша түрде мемлекеттік, орыс немесе келісім бойынша басқа да тілдерде б е р е д і .

54. Комитет анықтау жүргізу кезінде мемлекеттік органдардан кедендік, салықтық, статистикалық ақпаратты сұрауға құқылы.

55. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда құпия ақпаратты жариялауға, Комитеттің лауазымдық тұлғалары жеке мақсатында қолдануға болмайды және үшінші тұлғаға, сондай-ақ өзге мемлекеттік органдарға беруге болмайды.

56. Құпия ақпаратқа мүдделі тұлғалар жазбаша түсіндірме береді.

57. Түсіндірмеде ақпараттың мәнін түсіндіретіндей жеткілікті ақпарат болуы тиіс. Айрықша жағдайларда, құпия емес ақпаратты беру мүмкін еместігі жөнінде с е б е п т е р і б о л у ы т и і с .

58. Анықтау нысанасы бойынша алынатын ақпарат жазбаша нысанда қ а б ы л д а н а д ы .

59. Комитет, демпинг пен материалдық нұқсан немесе оны келтіру қаупінің бар екендігі алдын ала анықталғаннан кейін, уақытша демпингке қарсы шаралар қолдану ниеті туралы барлық мүдделі тұлғаларға және олардың елдерінің ресми органдарына х а б а р л а м а жібереді.

60. Хабарлама жіберілгеннен кейінгі жиырма күн ішінде анықтауға тартылған мүдделі тұлғалар уақытша демпингке қарсы шаралар енгізудің негізіне қатысты жазбаша ескертулерін жіберуге құқылы.

61. Комитет анықтау жүргізу кезінде ескертулерді назарға алуға не қабілдамауға құқылы.

62. Қазақстан Республикасының Үкіметі демпингке қарсы шараларды қолдану не олардың қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдағаннан кейін Комитет анықтау объектісі болып отырған тауарлар шыққан елдерінің уәкілетті органдарына қабылданған шешім туралы хабарлама жібереді.

63. Анықтау жүргізу кезінде Комитет мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша анықтау материалдарын талдау, қосымша ақпарат ұсыну үшін оларға карама-қарсы мүддесі бар тараптармен кездесу мүмкіндігін жасауға міндетті.

64. Комитет кездесу өткеннен кейінгі он күн ішінде ол жазбаша түрде расталғанынан кейін ауызша ақпаратты назарға алады.

65. Әлде бір мүдделі тұлғалардың мұндай кездесулерге қатыспауы анықтау жүргізу кезінде олардың мүдделеріне материалдық нұқсан келтірмеуі тиіс.

66. Мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, анықтау кезеңінде қабылданған Комитеттің шешімі мен іс-әрекеттеріне шағымдануға құқылы.

### 3-тарау. Бағалар бойынша міндеттемелер

67. Оған қатысты демпингтің салдарын жоятын анықтау жүргізілетін тауардың демпингтік бағаны қайта қарау немесе Қазақстанға әкелуді тоқтату туралы тауар берушінің ерікті түрде өзіне алған жазбаша нысанда міндеттемесі қабылданған жағдайда, демпингке қарсы шаралар енгізу алдындағы анықтау тоқтатыла тұруы немесе уақытша демпингке қарсы баждар немесе демпингке қарсы баждар енгізусіз тоқтатылуы мүмкін.

68. Баға туралы міндеттемені Комитет ұсынады.

69. Беруші өзіне мұндай міндеттемелерді қабылдауға мәжбүр етілмейді.

70. Бағалар жөнінде міндеттемелер Комитет демпинг пен материалдық нұқсан немесе материалдық нұқсан келтіру қаупінің бар екендігі туралы алдын ала расталған қорытынды шығарғаннан кейін қабылданады.

71. Комитет берушіге хабарлауы тиіс беруші ұсынған міндеттеме, жеткізушілер санының көп болуы себебінен не басқа да себептермен, соның ішінде жалпы саяси себептерді қоса алғанда, іс жүзінде жүзеге асырылуы мүмкін болмаса, қабылданбайды.

72. Беруші баға жөнінде қабылданған міндеттемені жауапты орындаса, Комитет анықтауды тоқтатуға құқылы.

73. Анықтауды жалғастыру:

- 1) міндеттеме қабылдаған беруші жалғастыруды талап етсе;
- 2) Комитет бастамасымен жүзеге асырылады.

74. Демпингтің немесе материалдық нұқсанның болмауы баға жөніндегі қабылданған міндеттеме салдары екендігін қоспаған жағдайда, демпингтің немесе материалдық нұқсан немесе оның қаупі болмауы туралы шешім қабылданғаннан кейін осы Ереженің 67-тармағында көрсетілген міндеттеме өздігінен күшін жояды.

75. Баға жөнінде міндеттеме қабылданғаннан кейін, бұл туралы Комитет ақпараттың құпиялылығын сақтай отырып, барлық мүдделі тұлғаларға хабарлама жібереді.

76. Комитет осы Ереженің 67-тармағында көрсетілген, міндеттемесі ресми түрде қабылданған берушіден оның орындалуы туралы ақпаратты беріп тұруын талап етуі мүмкін.

Мұндай ақпаратты беруден бас тарту міндеттемені бұзу деп қаралады.

77. Комитет көрсетілген міндеттеменің орындалуы туралы алынған ақпаратты тексеруді жүзеге асыруға құқылы. Комитетке бақылауды жүзеге асыру кезінде берушінің баға жөніндегі міндеттемесін орындауы туралы ақпарат беруіне кеден органдары көмек көрсетеді.

4-тарау. Қорытынды ережелер

78. Демпингке қарсы шараларды енгізу, қайта қарау және күшін жоюды Комитеттің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы

арқылы

жүзеге

асырылады.

79. Анықтау нәтижелері бойынша Комитет Үкіметке тиісті қорытынды береді.

80. Комитеттің қорытындысында міндетті түрде мынадай ақпарат болуы тиіс:

1) анықтау объектісі болып табылған, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының тоғыз саннан тұратын коды көрсетілген тауардың сипаттамасы;

2) Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылған демпингтік тауар импорты өсуінің дәлелдері;

3) ұқсас тауарлардың отандық өндірушілерге елеулі нұқсан келтірілуі немесе зиян келтіру қаупінің болуы дәлелдері;

4) отандық өндірушілерге материалдық нұқсан келтірілуі мен осындай демпингтік тауар импортының арасындағы себеп-салдар байланысының дәлелдері;

5) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау жөніндегі шаралардың сипаттамасы: демпингке қарсы бажды, соның ішінде уақытша демпингке қарсы баждар енгізу арқылы іске асырылатын демпингке қарсы шаралар не міндеттемелерді қабылдау;

6) ұсынылған шараларды енгізудің болжалды күні мен қолданылу мерзімі, сондай-ақ шаралардың қолданылу кезеңінде отандық өндірушінің шетелдік бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуге бейімдеу жөніндегі отандық өндіруші атынан өтініш иесі әзірлеген іс-шаралар жоспары немесе анықтау жүргізу барысында оларды енгізу жергілікті мүдделі тұлғалар, Қазақстан Республикасының экономикасына тұтас немесе анықтау объектісі болып табылатын тауар тұтынушыларының едәуір бөлігінің мүдделеріне қолайсыз тисе, не мемлекеттік маңызы бар өзге де елеулі себептер бойынша жөнсіз болса, шараларды қолданбау туралы ұсыныс болуы тиіс.

81. Анықтау жүргізу мерзімі тоғыз айдан асырылмайды.

82. Демпингке қарсы бажды қолдануды жалғастыру қажеттілігін анықтау мақсатындағы қайта анықтау, осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес,

демпингке қарсы бажды қолдану мерзімінің аяқталуына дейін қырық бес күннен кешіктірілмей, Комитет бастамасымен немесе мүдделі тұлғалар өтінішінің негізінде жүргізіледі.

83. Демпингтің, материалдық нұқсанның бар екендігін және олардың арасындағы себеп-салдар байланысын айқындау Комитеттің қорытындысымен аяқталады.

84. Үкіметке:

- 1) демпингке қарсы анықтауды шаралар қолданбай аяқтауы туралы;
- 2) экспортшылар және (немесе) өндірушілер баға жөніндегі міндеттеме қабылдағаны туралы;
- 3) демпингке қарсы бажды енгізу туралы қорытынды жіберіледі.

85. Комитет демпингке қарсы шараларды енгізбей анықтауды тоқтатуға негіздер:

- 1) демпинг немесе материалдық нұқсан немесе оны келтіру қаупінің болуына жеткілікті дәлелдердің болмауы;
- 2) демпингтік айырма экспорттық бағадан бес пайыздан кем болса немесе демпингтік импорттың көлемі (нақты немесе ықтимал) немесе материалдық нұқсан мөлшері немесе оны келтіру қаупінің болмашы болуы. Комитет демпингке қарсы шара енгізбей анықтауды тоқтату туралы хабарламаны ресми басылымдарда жариялайды.

86. Демпингке қарсы бажды қолдану мерзімін ұзарту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімін қабылдауға Комитеттің қорытынды нысанында дайындаған ұсынысы негіз болады.

3-бөлім. Өтем шаралары

1-тарау. Өтінішті қарауға қабылдау

87. Өтем шараларын енгізу алдындағы анықтау:

- 1) отандық өндірушінің немесе өндірушілер бірлестігі берген өтем шараларын қолдану туралы өтініші негізінде;
- 2) ерекше субсидияның болуы және шет мемлекет субсидиялаған (шет мемлекеттер одағы) импорт тауарларын беруде материалдық нұқсан немесе оны келтіру қаупі және олардың себеп-салдар байланысының болуы жөнінде

жеткілікті дәлелдер болған жағдайда Комитет бастамасымен жүргізіледі.

88. Отандық өндірушілердің өтініші бойынша өтініш беруші отандық өндірушілердің үлесіне ұқсас тауар өндірісі көлемінің елу пайыздан артық келуін Комитеттің айқындауы өтем шараларын енгізу туралы анықтау рәсімін бастаудың міндетті шарты болып табылады. Соның ішінде, осы өтінішті қолдаған өндірушілердің өндірген тауарларының үлесі отандық өндірушілер өндірген барлық ұқсас тауарлар көлемінің жиырма бес пайызынан астам болуы.

89. Анықтау жүргізу туралы өтініш жазбаша нысанда беріледі. Өтініш 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша беріледі.

90. Комитет өтініште көрсетілген мәліметтерді жеткілікті деп санаған жазбаша нысанда өтініш қабылданғаны туралы өтініш иесіне хабарланған кезде өтініш қабылданған болып саналады. Өтінішке Ереженің 6-қосымшасына сәйкес құжаттар қоса беріледі.

91. Егер өтем шараларын енгізу алдындағы анықтау жүргізу туралы өтініштегі мәліметтер жеткіліксіз болған жағдайда, Комитет өтінішті алған күннен бастап он күн мерзімде бұл туралы өтініш иесіне хабарлайды және өз өтінішін толықтыруына немесе өзгертуіне мүмкіндік беруі тиіс.

92. Өтініш иесі бұрын берілген өтінішті толықтырған немесе өзгерткен мәлімет жіберсе, өтінішке енгізілген толықтырулар немесе өзгертулер қарауға қабылданған күні Комитетте тіркелген күн болып саналады.

93. Өтініш берілгеннен кейін Комитет өтініш қабылданғаннан кейінгі екі ай ішінде 6-қосымшаға сәйкес 88-тармақты орындауда, өтінішпен қоса берілген құжаттардың шынайылығы мен бар-жоғын қарайды, сондай-ақ субсидия мөлшерін және шет мемлекет субсидиялаған (шет мемлекеттер одағы) тауар импортының көлемін белгілейді.

94. Ерекше субсидия мөлшері тауар құнының бір пайызынан кем үлесті құрайтын болса, онда ол болмашы болып қаралады.

95. Егер, берілген өтінішке қатысты, елден тауар беру салыстырмалы кезеңдегі импорттың жалпы көлемінің 1 пайызынан кем құраса, ал Қазақстан Республикасына ұқсас тауар берілімінің жиынтығы 3 пайызынан кем мөлшерін, ал сондай елдерде 3 пайызын құраса, онда материалдық нұқсан мөлшері

болмашы болып саналады.

96. Анықтауды жүргізуден бас тартудың негіздері:

1) субсидия мөлшерінің және шет мемлекет субсидиялаған (шет мемлекеттер одағы) тауар импорты көлемінің болмашылығы белгіленген кезде;

2) осы Ереженің 88-тармағының орындалмауы.

97. Анықтау рәсімін бастаудан бас тарту туралы шешімді Комитет өтініш алған сәттен бастап екі ай ішінде қабылдайды.

98. Комитет анықтауды жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде өтініш қабылданған күнінен бастап екі ай мерзім ішінде анықтауды жүргізуден бас тарту себептері мен негіздерін көрсетіп, бұл туралы өтініш иесіне х а б а р л а й д ы .

99. Өтініш иесі анықтау басталғанға дейін немесе оның барысында өтінішті қайтарып алуына болады. Анықтау басталғанға дейін өтініш қайтарылып алынса, ол берілмеген болып саналады.

100. Анықтау барысында өтінішті қайтарып алса, Комитет өз бастамасымен жалғастыруына не шара қолданбай тоқтатуға құқылы.

2-тарау. Анықтау рәсімі. Комитет пен мүдделі тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

101. Анықтау жүргізудің басталуы туралы шешім қабылданған сәттен бастап Комитет анықтауды жүргізу туралы ресми басылымдарда хабарлама жариялайды .

102. Хабарламада мынадай ақпараттар:

1) анықтау жүргізетін орган ретінде Комитет атауы;

2) анықтау басталатын күні;

3) анықтау нысанасы болып отырған шет мемлекет (шет мемлекеттер одағы) субсидиялаған тауарды шығарған немесе экспорттаушы ел атауы;

4) анықтауды бастаудың негізі;

5) материалдық нұқсан келтіргені немесе келтіру қаупін растауға негіз болған фактілердің қысқаша баяндалуы;

б) мүдделі тұлғалар іспен танысу, өз пікірлерін білдіру және мүдделі тұлғалармен қажетті кездесу мүмкіндігін алу үшін өз өтінішін бере алатын мерзім шегі.

103. Комитет мүдделі тұлғаларға сұрау салу жібереді.

104. Сұрау салуға жауап ол алынғаннан кейінгі бір ай ішінде беріледі.

105. Сұрау салу пошта арқылы жіберілгеннен кейінгі немесе мүдделі тұлғалардың өкіліне берілгеннен кейінгі жеті күн ішінде алынды деп саналады.

106. Мүдделі тұлғалар хабарлама алған сәттен бастап жазбаша түрде мемлекеттік немесе келісім бойынша басқа да тілде жауап береді.

107. Анықтау жүргізу барысында Комитет мүдделі тұлғалардан қосымша ақпарат сұратуға құқылы. Жауап сұрау салу алынған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде мұндай ақпараттың алынған көзі көрсетіле отырып, берілуі тиіс.

108. Мүдделі тұлғалар анықтау жүргізуге көмектеседі және Комитеттің сұрау салуы бойынша қажетті ақпаратты соның ішінде құпия ақпаратты береді.

109. Қазақстан Республикасының заңнамалар кесімдерінде көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда, құпия ақпарат жарияланбайды, Комитеттің лауазымдық тұлғалары жеке мақсатта пайдалануға және үшінші тұлғаға, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдарға беруге болмайды.

110. Құпия ақпаратты беруші мүдделі тұлға осы ақпарат бойынша құпия емес сипатта жазбаша түрде түсіндірме беруі тиіс.

111. Түсіндірме ақпараттың мәнін түсіндіретіндей жеткілікті тәптіштелуі тиіс. Ерекше жағдайларда, құпия емес ақпаратты беру мүмкін еместігі жөнінде себептері болуы тиіс.

112. Мүдделі тұлға басқа да кез-келген дәлелдеулерді беруге құқылы.



113. Анықтау нысанасы жөнінде алынатын ақпарат жазбаша нысанда қ а б ы л д а н а д ы .

114. Комитет шет мемлекет субсидиялаған (шет мемлекеттер одағы) тауар импортының және материалдық нұқсан келтірілуі немесе келтіру қаупінің бар екендігі туралы алдын ала қорытындысын шығарғаннан кейін уақытша өтем шаралары қолданылатыны туралы хабарламаны барлық мүдделі тұлғаларға және олардың елдерінің ресми органдарына жібереді.

115. Хабарлама жіберілгеннен кейінгі он күн ішінде анықтауға тартылған мүдделі тұлғалар уақытша өтем шараларын енгізудің негізіне қатысты жазбаша ескертулерін жіберуге құқылы.

116. Комитет анықтау жүргізу кезінде ескертулерді назарға алуға не қ а б ы л д а м а у ғ а құқылы.

117. Ақпараттың шынайылығын тексеру немесе қосымша ақпарат алу (жетіспейтін мәліметтерді жинауда) мақсатында Комитет мүдделі тұлғалардың келісімі бойынша анықтау объектісі болып отырған шетелдік экспорттаушының және (немесе) тауар өндірушінің орналасқан жеріндегі ел аумағында анықтауды жүргізуі мүмкін.

118. Шет мемлекет субсидиялаған (шет мемлекеттер одағы) тауар импортының және материалдық нұқсан келтіру немесе келтіру қаупінің бар екендігі туралы Комитет алдын ала шығарған қорытындының негізінде, бірақ анықтау басталған сәттен екі айдан кейін Үкімет уақытша өтем шараларын енгізу туралы шешім қабылдайды.

119. Анықтау рәсімі басталған кезден бастап анықтау жүргізу мерзімі алты айдан асырылмайды.

120. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өтем шараларын қолдану немесе олардың қолданылуын тоқтату туралы шешімі қабылданғаннан кейін Комитет анықтау объектісі болып отырған тауарлардың шыққан елдерінің уәкілетті органдарына қабылданған шешім туралы хабардар етеді.

121. Мүдделі тұлғалар істің материалдарымен және басқа тараптың дәлелдерімен танысу мақсатында тыңдаулар өткізу туралы өтініш жасауға құқылы.

122. Мүдделі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтау кезеңінде қабылданған Комитеттің шешімі мен іс-әрекеттеріне ш а ғ ы м д а н у ғ а қ ұ қ ы л ы .

### 3-тарау. Бағалар бойынша міндеттемелер

123. Өтем шараларын енгізу алдындағы анықтау уақытша өтем шараларын енгізбей-ақ тоқтатылуы немесе уақытша тоқтатылуы мүмкін:

1) тауар шығарушы немесе экспорттаушы елдің үкіметі субсидияны алып тастауға немесе шектеуге келіскен жағдайда;

2) беруші шет мемлекет субсидиялаған (шет мемлекет одағы) тауар экспортын тоқтатуды немесе өз бағасын қайта қарауға міндеттенсе.

124. Беруші міндеттемесі жазбаша түрде қабылданады.

125. Баға туралы міндеттемені Комитет ұсынады.

126. Беруші өзіне мұндай міндеттемелерді қабылдауға мәжбүр етілмейді.

127. Бағалар жөнінде міндеттемелер Комитет айрықша субсидия және отандық өндірушілерге материалдық нұқсан келтірілуі немесе келтіру қаупінің бар екендігі жөнінде алдын ала қорытынды шығарылғаннан кейін қабылданады.

128. Комитет берушіге хабарлауы тиіс беруші ұсынған міндеттеме, жеткізушілер санының көп болуы себебінен не басқа да себептермен Комитет оның қабылдануы іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін емес деп санаса, міндеттеме қ а б ы л д а н б а й д ы .

129. Комитет міндеттеме қабылдаған берушіден баға жөніндегі қабылданған міндеттемелердің орындалуы туралы мәліметтерді беруін, берілген мәліметтердің шынайылығына тексеру жүргізуді талап етуге құқылы.

130. Беруші баға туралы міндеттемені бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі Комитеттің ұсынысы бойынша уақытша шараларды алдын ала хабарламай-ақ кідіріссіз енгізуге құқылы.

131. Беруші баға жөнінде қабылданған міндеттемені жауаптылықпен орындаса, Комитет анықтауды тоқтатуға құқылы.

132. Анықтауды жалғастыру:

1) міндеттеме қабылдаған беруші жалғастыруды талап етсе;

2) Комитет бастамасымен жүзеге асырылады.

133. Материалдық нұқсанның немесе оның қаупі болмауы баға жөніндегі қабылданған міндеттеменің салдары екендігін қоспаған жағдайда, айрықша субсидияның немесе материалдық нұқсанның болмағандығы жөнінде фактілер анықталған кезде Комитет баға туралы міндеттеменің күшін жояды.

134. Бақылауды жүзеге асыру кезінде баға жөніндегі міндеттеменің орындалуы жөнінде ақпарат беруде Комитетке кедендік органдар көмектеседі.

4-тарау. Қорытынды ережелер

135. Өтем шараларын енгізу, қайта қарау және күшін жою Комитеттің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы арқылы жүзеге асырылады.

136. Анықтау нәтижелері бойынша Комитет Қазақстан Республикасы Үкіметіне тиісті қорытынды береді.

137. Комитеттің қорытындысында міндетті түрде мынадай ақпарат болуы тиіс:

1) анықтау объектісі болып табылған, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының тоғыз саннан тұратын коды көрсетілген тауардың сипаттамасы;

2) оның өндірісі немесе экспорты кезінде шет мемлекет субсидиясы пайдаланылған (шет мемлекеттер одағы) тауар импорты өсуінің дәлелдері;

3) отандық өндірушілерге материалдық нұқсан келтірілуі немесе келтіру қаупінің дәлелдері;

4) материалдық нұқсан келтіру мен оның өндірісі немесе экспорты кезінде шет мемлекет субсидиясы пайдаланылған (шет мемлекеттер одағы) тауар импорты арасындағы себеп-салдар байланысының дәлелдері;

5) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау жөнінде ұсынылып отырған Шаралардың сипаттамасы: соның ішінде уақытша өтем бажын енгізу арқылы жүзеге асырылатын өтем шаралары, өтем бажы не осы Ереженің 123-тармағында көрсетілген міндеттемелерді қабылдау;

б) ұсынылған шараларды шамамен енгізудің болжалды күні мен мерзімі, сондай-ақ шаралардың қолданылу кезеңінде отандық өндірушінің шетелдік бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуге бейімдеу жөніндегі отандық өндіруші атынан өтініш иесі әзірлеген іс-шаралар жоспары немесе анықтау жүргізу барысында оларды енгізу жергілікті мүдделі тұлғалар, Қазақстан Республикасының экономикасына тұтас немесе анықтау объектісі болып табылатын тауар тұтынушыларының едәуір бөлігінің мүдделеріне қолайсыз тисе, не мемлекеттік маңызы бар өзге де елеулі себептер бойынша жөнсіз болса, шаралар қолданбау туралы ұсыныс болуы тиіс.

138. Өтем бажын қолдануды жалғастыру қажеттілігін анықтау мақсатындағы қайта анықтау, осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес өтем бажын қолдану мерзімінің аяқталуына қырық бес күннен кешіктірілмей, Комитет бастамасымен, сонымен қатар мүдделі тұлғалардың дәлелді өтінішінің негізінде жүргізіледі.

139. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өтем бажының қолданылу мерзімін ұзарту туралы шешімін қабылдауға Комитеттің қорытынды нысанында дайындаған ұсынысы негіз болып табылады.

1-қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті

Қорғау шараларын қолдану үшін анықтауды жүргізу туралы

Ө Т І Н І Ш

(өтініш берілген күні)

---

— — — — —  
(кәсіпорынның атауы, ұйымдастыру-құқықтық нысаны, заңды тұлғаның  
Қ а з а қ с т а н

Республикасының әділет органдарында тіркелген нөмірі мен күні)  
кәсіпорыны шығарған \_\_\_\_\_

— — — — —  
(тауардың атауы)

Сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасы бойынша тауардың коды ( )  
С Э Қ

ТН) \_\_\_\_\_

— — — — —

— — — — —  
қорғау шараларын қолдану мүмкіндігі мақсатындағы анықтауды жүргізуді өтінеміз.

1. Анықтау объектісі болып отырған, әкелінген тауардың сипаттамасы, тауарды шығарған немесе экспорттаушы елдің (елдердің) атауы, мәлімдеушіге белгілі шетелдік өндірушілердің және (немесе) тауар экспорттаушыларының, сондай-ақ белгілі қазақстандық тауар импорттаушыларының тізбесі;

2. Қазақстан Республикасының ішкі рыногындағы ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарлар бағасының өзгеруі туралы мәліметтер, Қазақстан Республикасында өндірілетін ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарлар мен Қазақстан Республикасына әкелінетін тауарлар бағасының арақатынасы;

3. Шығарылған өнім өндірісінің негізгі көрсеткіштері;

4. Импорттық тауарларды беру көлемінің өзгерісін қоса алғанда, Қазақстан Республикасындағы нақты саланың жай-күйіне тауар импорты көлемі өсуінің теріс әсерінің дәлелдері;

5. Тауар импорты көлемінің өсуі мен отандық өндірушілерге болжалды елеулі нұқсан арасындағы байланыстың бар екеніне дәлелдер.

Е с к е р т у л е р :

Барлық жіберілетін материалдарға бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы адам бұрыштама соғады және ресми бланкіде реттік нөмірімен, ілеспе х а т п е н бі р г е ұ с ы н ы л а д ы .

Өтінішке құрылтайшылық құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмесі міндетті түрде қоса беріледі.

Б і р і н ш і б а с ш ы н ы ң қ о л ы

Мөр

Қорғау, өтем немесе демпингке қарсы шараларды енгізу алдындағы анықтауды жүргізу туралы ережеге

2 - қ о с ы м ш а

## Қорғау шараларын енгізу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттар (ақпарат) тізбесі

1. Өтініш иесі, соңғы үш жыл ішіндегі импорттың өсуінің болжалды нысанасы болып табылатын тауардың Қазақстан Республикасындағы өндірісінің көлемі, құны туралы мәлімет. Отандық өндірушілер атынан берілген өтініште отандық өндірістің жалпы көлеміндегі әрбір өндірушінің үлесі көрсетілген барлық белгілі қазақстандық тауар өндірушілердің тізбесі көрсетіледі. Өтінішке қоса берілетін ақпараттың тізбесі мен нысанын Комитет белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы аумағына әкелінген тауардың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының тоғыз саннан тұратын коды көрсетілген тауардың сипаттамасы, тауарды шығарған немесе экспорттаушы елдің (елдердің) атауы өтінушіге белгілі шетелдік өндірушілері және (немесе) тауар экспорттаушылары туралы, сонымен қатар белгілі қазақстандық тауар импорттаушылары туралы мәліметтер.

3. Соңғы үш жылдағы тауар импортының өсуінің қарқыны мен абсолюттік шамасы (абсолюттік және салыстырмалы түрде) туралы мәлімет.

4. Соңғы үш жылдағы Қазақстан Республикасының ішкі рыногында өндіріліп, сатылған тауар көлемінің өзгерісі туралы мәліметтер.

5. Соңғы үш жылдағы Қазақстан Республикасының ішкі рыногында ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауарларды сатудың жалпы көлеміндегі импорттық тауардың үлесі туралы мәліметтер.

6. Тауардың экспорттық бағасы немесе Қазақстан Республикасындағы бірінші тәуелсіз сатып алушыға қайталап сату туралы ақпарат.

7. Қазақстан Республикасына әкелінетін тауардың және Қазақстан Республикасында шығарылатын ұқсас немесе тікелей бәсекелес тауар бағасының арақатынасы.

8. Нақты отандық өндірушінің жағдайына, тауар импорты көлемінің өсуінің теріс әсерінің дәлелдері.

9. Еңбек өнімділігі көрсеткіштерінің, өндірістік қуаттар жүктемесі, пайда және шығын көлемі, инвестиция көлемі мен өндіріс тиімділігі, тауар қорының мөлшері, сонымен қатар жұмыспен қамтамасыз ету деңгейі өзгерісі ескерілген отандық өндірушілерге елеулі зиян келтірілуі немесе келтіру қаупін бағалау.

10. Тауар импорты көлемінің өсуі мен отандық өндірушіге тигізілген болжалды елеулі нұқсан арасындағы себеп-салдар байланысын айқындаған дәлелдер .

11. Енгізілуі қажет мөлшері мен мерзімі көрсетілген, ұсынылатын қорғау шарасы туралы ақпарат .

12. Өтініш иесі ұсынған қорғау шараларын қолдану кезеңінде отандық өндірушіні шетелдік бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуге бейімдеу жөніндегі іс-шаралар жоспары.

#### Ескертулер :

1. Құн көрсеткіштерін салыстыру мақсатында теңгемен де, сондай-ақ доллармен де көрсету керек (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің оны белгілеу сәтіндегі бағам бойынша).

2. Берілген ақпаратты өтінішті қолдайтын ұйымдар басшылары және олардың бухгалтерлік есепті жүргізуге жауапты қызметкерлері куәландырады.

3. Өтініш иесі ұсынатын ақпаратында тауардың заттай түрдегі өлшем бірліктері ресми статистикалық есепте қолданылатын өлшем бірліктерімен салыстыруға келуі тиіс.

#### 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті

Демпингке қарсы шараларды қолдану үшін  
анықтауды жүргізу туралы  
Ө Т І Н І Ш

(өтініш берілген күні)

---

— — — — —  
(кәсіпорынның атауы, ұйымдастыру-құқықтық нысаны, заңды тұлғаның  
Қ а з а қ с т а н

Республикасының әділет органдарында тіркелген нөмірі мен күні)  
кәсіпорыны шығарған \_\_\_\_\_

— — — — —  
( та у а р д ы ң а т а у ы )

Сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасы бойынша тауардың коды (С Э Қ ТН) \_\_\_\_\_

— — — — —

— — — — —  
демпингке қарсы шараларды қолдану мүмкіндігі мақсатында анықтау жүргізуді өтінеміз.

1. Анықтау объектісі болып отырған, әкелінген тауардың сипаттамасы, тауарды шығарған немесе экспорттаушы елдің (елдердің) атауы, мәлімдеушіге белгілі шетелдік өндірушілердің және (немесе) тауар экспорттаушыларының тізбесі, сондай-ақ белгілі қазақстандық тауар импорттаушыларының тізбесі;

2. Қазақстан Республикасының ішкі рыногындағы ұқсас тауарлар бағасының өзгеруі туралы мәліметтер, Қазақстан Республикасында өндірілетін ұқсас тауарлар мен Қазақстан Республикасына әкелінетін тауарлар бағасының а р а қ а т ы н а с ы ;

3. Шығарылған өнім өндірісінің негізгі көрсеткіштері;

4. Импорттық тауарларды беру көлемінің өзгерісін қоса алғанда, әкелу көлемінің өсуі Қазақстан Республикасындағы нақты саланың жай-күйіне теріс ә с е р е т у і н і ң д ә л е л д е р і ;

5. Демпингтік тауар импорты мен отандық өндірушілерге келтірілген болжалды елеулі нұқсан арасындағы байланыстың бар екеніне дәлелдер.

6. Егер демпингтік тауарлар импорты жүзеге асырылған жағдайда, тауарды шығарған немесе экспорттаушы елдердің рыногында осы тауардың сатылатын бағасын, экспорттық баға туралы ақпарат беруі тиіс.

Е с к е р т у л е р :

Барлық жіберілетін материалдарға бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы адам бұрыштама соғады және ресми бланкіде реттік нөмірімен, ілеспе х а т п е н б і р г е ұ с ы н ы л а д ы .

Өтінішке құрылтайшылық құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмесі міндетті түрде қоса беріледі.

Б і р і н ш і б а с ш ы н ы ң қ о л ы

Мөр



Қорғау, өтем немесе демпингке  
қарсы шараларды енгізу алдындағы  
анықтауды жүргізу туралы ережеге  
4 - қ о с ы м ш а

Демпингке қарсы шараларды енгізу туралы өтінішке  
қоса берілетін құжаттар (ақпарат) тізбесі

1. Өтініш иесі туралы мәлімет, анықтау кезеңін қоса алғанда, қажетті статистикалық мәліметтері бар, соңғы үш жыл ішіндегі болжалды демпингтік импорттың нысанасы болып табылатын (бұдан әрі - тауар) Қазақстан Республикасындағы тауар өндірісінің көлемі мен құны туралы деректер. Отандық өндірушілер атынан берілген өтініште отандық өндірістің жалпы көлеміндегі әрбір өндірушінің үлесі және барлық белгілі қазақстандық тауар өндірушілердің тізбесі көрсетіледі. Өтінішке қоса берілетін ақпараттың тізбесі мен нысанын Комитет белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы аумағына әкелінген тауардың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының тоғыз саннан тұратын коды көрсетілген тауардың сипаттамасы, тауарды шығарған немесе экспорттаушы елдің (елдердің) атауы, өтінушіге белгілі шетелдік өндірушілері және (немесе) тауар экспорттаушылары туралы, сонымен қатар белгілі қазақстандық тауар импорттаушылары туралы мәліметтер .

3. Тауардың қалыпты құны туралы (анықтау кезеңінде тауар шыққан елдің ішкі рыногында немесе экспортында тауар қандай бағамен сатылатыны туралы ақпарат) мәліметтер .

4. Анықтау жүргізілген кезеңде Қазақстан Республикасының аумағындағы бірінші тәуелсіз сатып алушыға сатылатын тауардың экспорттық бағасы туралы мәлімет .

5. Соңғы үш жыл ішіндегі, анықтау жүргізілген кезеңді қоса алғанда, қажетті статистикалық мәліметтері бар тауар импорты көлемінің өзгеруі туралы мәліметтер .

6. Соңғы үш жылдағы тауар импортының өсуінің абсолюттік қарқыны мен шамасы (абсолюттік және салыстырмалы түрде) туралы мәліметтер.

7. Соңғы үш жылдағы Қазақстан Республикасының ішкі рыногында ұқсас тауарларды сатудың жалпы көлеміндегі тауар импортының үлесі туралы мәліметтер.

8. Анықтау жүргізілген кезеңдегі Қазақстан Республикасында өндірілетін ұқсас тауарлар мен Қазақстан Республикасы аумағына әкелінген тауарлар бағасының ара қатынасы туралы мәліметтер.

9. Тауар импортының Қазақстан Республикасының ішкі рыногындағы ұқсас тауарлар бағасына әсері және алдағы уақыттағы отандық өндірушілер жағдайына әсері туралы мәліметтер.

10. Отандық өндірушілер жағдайын сипаттайтын факторлар мен көрсеткіштерді ескере отырып, өндірістің құлдырағанын немесе құлдырау мүмкіндігін, сату, рыноктың үлесі, пайда, өнімділік, инвестициялардан кіріс немесе өндіріс қуатын пайдаланудың төмендеуі, ішкі бағаға әсер еткен факторлар немесе ақша ағынына, тауар қорларына, жұмыспен қамтуға, еңбекақыға, инвестициялық мүмкіндіктерге немесе әлеуметтік саланың даму мүмкіндіктеріне теріс әсері немесе теріс әсер ету мүмкіндігі және басқа да факторларды қоса алғанда, отандық өндірушілерге елеулі материалдық нұқсан немесе нұқсан келтіру қаупін бағалау.

11. Отандық өндірушілерге келтірілген елеулі материалдық нұқсан мен демпингтік тауар импортының арасындағы себеп-салдар байланысының дәлелдері.

12. Демпингтік айырма көлемін анықтау жөніндегі ұсыныстар. Мөлшері мен уақыты көрсетілген, енгізілуі қажет, ұсынылып отырған демпингке қарсы шаралар туралы ақпарат.

13. Өтініш иесі ұсынған демпингке қарсы шаралардың қолданылуы кезеңінде отандық өндірушіні шетелдік бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуге бейімдеу жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Ескертулер:

1. 1, 3 - 5 және 8-тармақтарға сәйкес ақпарат анықтау кезеңінің әр айында беріліп отырады.

2. Құн көрсеткіштерін салыстыру мақсатында теңгемен, сондай-ақ доллармен де көрсету қажет (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің оны белгілеген сәтіндегі бағам бойынша).

3. Берілген ақпаратты өтінішті қолдайтын ұйымдар басшылары және олардың бухгалтерлік есепті жүргізуге жауапты қызметкерлері куәландырады.

4. Өтініш иесінің ақпаратында заттай түрдегі тауардың өлшем бірліктері ресми статистикалық есепте қолданылатын өлшем бірліктерімен салыстыруға келуі тиіс.

#### 5-қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті

Өтем шараларын қолдану үшін анықтауды жүргізу туралы

Ө Т І Н І Ш

(өтініш берілген күні)

---

— — — — —  
(кәсіпорынның атауы, ұйымдастыру-құқықтық нысаны, заңды тұлғаның  
Қ а з а қ с т а н

Республикасының әділет органдарында тіркелген нөмірі мен күні)  
кәсіпорыны шығарған \_\_\_\_\_

— — — — —  
( та у а р д ы ң а т а у ы )

Сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасы бойынша тауардың коды ( С Э Қ  
ТН) \_\_\_\_\_

---

— — — — —  
өтем шараларын қолдану мүмкіндігі мақсатындағы анықтауды жүргізуді өтінеміз.

1. Анықтау объектісі болып отырған, әкелінген тауардың сипаттамасы, тауарды өндірген елдің (елдердің) атауы, мәлімдеушіге белгілі шетелдік өндірушілердің және (немесе) тауар экспорттаушыларының тізбесі, сонымен қатар белгілі қазақстандық тауар импорттаушыларының тізбесі;

2. Қазақстан Республикасының ішкі рыногындағы ұқсас тауарлар бағасының өзгеруі туралы мәліметтер, Қазақстан Республикасында өндірілетін ұқсас

тауарлар мен Қазақстан Республикасына әкелінетін тауарлар бағасының а р а қ а т ы н а с ы ;

3. Шығарылған өнім өндірісінің негізгі көрсеткіштері;

4. Импорттық тауарларды беру көлемінің өзгерісін қоса алғанда, әкелу көлемінің өсуі Қазақстан Республикасындағы нақты саланың жай-күйіне теріс әсер етуінің дәлелдері ;

5. Шет мемлекетт субсидиялаған (шет мемлекеттер одағы) тауар импорты мен отандық өндірушілерге келтірілуі мүмкін елеулі нұқсан арасындағы байланыстың бар екеніне дәлелдер.

6. Субсидияның бар екендігін, мөлшерін, сипатын және ерекшелігін растайтын дәлелдер.

Е с к е р т у л е р :

Барлық жіберілетін материалдарға бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы адам бұрыштама соғады және ресми бланкіде реттік нөмірімен, ілеспе х а т п е н бі р г е ұ с ы н ы л а д ы .

Өтінішке құрылтайшылық құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмесі міндетті түрде қоса беріледі.

Бірінші басшының қолы

Қорғау, өтем немесе демпингке қарсы шараларды енгізу алдындағы анықтауды жүргізу туралы ережеге  
б - қ о с ы м ш а

Өтем шараларын енгізу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттар (ақпарат) тізбесі

1. Өтініш иесі туралы мәлімет, анықтау кезеңін қоса алғанда, қажетті статистикалық мәліметтері бар, соңғы үш жыл ішіндегі болжалды шет мемлекет субсидиялаған (шет мемлекеттер одағы) импорттың нысанасы болып табылатын (бұдан әрі - тауар) Қазақстан Республикасындағы тауар өндірісінің көлемі мен құны туралы деректер. Отандық өндірушілер атынан берілген өтініште отандық өндірістің жалпы көлеміндегі әрбір өндірушінің үлесі және егер қажетті мәліметтер бар болса, барлық белгілі қазақстандық тауар өндірушілердің тізбесі

көрсетіледі. Өтінішке қоса берілетін ақпараттың тізбесі мен нысанын Комитет белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы аумағына әкелінген тауардың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының тоғыз саннан тұратын коды көрсетілген тауардың сипаттамасы, тауарды шығарған немесе экспорттаушы елдің (елдердің) атауы, өтінушіге белгілі шетелдік өндірушілері және (немесе) тауар экспорттаушылары туралы, сонымен қатар белгілі қазақстандық тауар импорттаушылары туралы мәліметтер.

3. Шет мемлекет (шет мемлекет одағының) шетелдік экспорттаушысына және (немесе) шетелдік тауар өндірушісіне субсидия берілуінің дәлелі және оның көлемі, сипаты мен беру мерзімі туралы мәліметтер.

4. Соңғы күнтізбелік үш жыл ішінде ұқсас тауарларды өндіруде және (немесе) экспорттауда пайдаланылған қазақстандық субсидиялар туралы мәліметтер.

5. Соңғы үш жылдағы тауар импортының өсуінің қарқыны мен абсолюттік шамасы (абсолюттік және салыстырмалы түрде) туралы мәліметтер.

6. Тауар импортының Қазақстан Республикасының ішкі рыногындағы ұқсас тауар бағасына әсері және соңғы үш жылдағы отандық өндірушілер жағдайына әсері туралы мәліметтер.

7. Соңғы үш жылдағы Қазақстан Республикасының ішкі рыногында ұқсас тауарларды сатудың жалпы көлеміндегі импорттық тауардың үлесі туралы мәліметтер.

8. Отандық өндірушілер жағдайын сипаттайтын факторлар мен көрсеткіштерді ескере отырып, өндірістің құлдырағанын немесе құлдырау мүмкіндігін, сату, рыноктың үлесі, пайда, өнімділік, инвестициялардан кіріс немесе өндіріс қуатын пайдаланудың төмендеуі, ішкі бағаға әсер еткен факторлар немесе ақша ағынына, тауар қорларына, жұмыспен қамтуға, еңбекақыға, инвестициялық мүмкіндіктерге немесе әлеуметтік саланың даму мүмкіндіктеріне теріс әсері немесе теріс әсер ету мүмкіндігі және басқа да факторларды қоса алғанда, отандық өндірушілерге елеулі материалдық нұқсан немесе нұқсан келтіру қаупін бағалау.

9. Отандық өндірушілерге келтірілген елеулі материалдық нұқсан мен шет мемлекет субсидиялаған (шет мемлекет одағы) тауар импортының және отандық өндірушілерге келтірілген болжалды материалдық нұқсанның арасындағы себеп-салдар байланысының дәлелдері.

10. Мөлшері мен мерзімі көрсетілген, енгізілуі қажетті, ұсынылып отырған өтем шарасы туралы ақпарат.

11. Өтініш иесі ұсынған өтем шараларының қолданылуы кезеңінде отандық өндірушіні шетелдік бәсекелестік жағдайында жұмыс істеуге бейімдеу жөніндегі нақты іс-шаралар жоспары.

#### Е с к е р т у л е р :

1. Құн көрсеткіштерін салыстыру мақсатында теңгемен, сондай-ақ доллармен де көрсету қажет (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің оны белгілеген сәтіндегі бағам бойынша).

2. Берілген ақпаратты өтінішті қолдайтын ұйымдар басшылары және олардың бухгалтерлік есепті жүргізуге жауапты қызметкерлері куәландырады.

3. Егер осы тізімде көрсетілген мәліметтерге қол жеткізу мүмкін болмаса немесе оны алу ақпаратты иелену немесе пайдалану үшінші тұлғаның құқын бұзумен байланысты болса, онда мұндай ақпаратты бермеу өздігінен тергеуді бастаудан бас тартуға негіз бола алмайды. Мұндай жағдайда өтініш иесі мәліметтерді алу мақсатында жасаған әрекеттері туралы және олардың алынбаған себептері туралы ақпарат беруі тиіс.

4. Өтініш иесінің ақпаратында берілген заттай түрдегі тауардың өлшем бірліктері ресми статистикалық есепте қолданылатын өлшем бірліктерімен салыстыруға келуі тиіс.